

**D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау
бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік
мемлекеттік лауазымына орналастыру бойынша «Павлодар
облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ
конкурстық комиссиясы отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ (қорытынды)**

Павлодар қаласы

2017 жылғы «9» ақпан
Басталуы: сағ. 16 : 00 мин.

Конкурстық комиссияның құрамы – 4 адам.
Қатысты: 4 адам.

Роза Жұмашқызы Омарова

- ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімінің басшысы, комиссия төрайымы;

Асқар Құмарханұлы Ақпанов

- мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Әділ Сүйіндікұлы Әубәкіров

- мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің басшысы;

Кәмшат Төлеуханқызы Балтабаева

- ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімінің бас маман-аудармашысы;

Байқаушы:

Ерсін Александрұлы Жұматаев

«Павлодар облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ әкімшілік-құқықтық бөлімінің басшысы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-нің (бұдан әрі – Басқарма) D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік

лауазымына орналастыру үшін үміткермен әңгімелесудің қорытындысын шығару;

2. D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастыру бойынша барлық мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметшілерінің арасындағы ішкі конкурстың (бұдан әрі – ішкі конкурс) қорытындысын шығару.

Тыңдалды: Комиссия мүшесі, мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің басшысы Ә.С. Әубәкіров D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастыру бойынша конкурсқа қатысу үшін 2017 жылғы 1 ақпандағы № 2 хаттамадағы Басқарма конкурстық комиссиясының шешіміне сәйкес «Сәулет» мамандығы бойынша «Сәулет бакалавры» біліктілігімен жоғары білімі бар, E-R-2 санатты, «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» ММ басшысының орынбасары Рустам Базарбайұлы Рақымжанов әңгімелесуге жіберілгендігін хабарлады.

ЖОО-ны аяқтағаннан кейін еңбек жолын «Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-де 2007 жылғы 1 қарашадан бастап, 2015 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі кезеңде мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің бас маманы болып қызмет етті. 2015 жылғы 31 желтоқсаннан осы күнге дейін «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» ММ басшысының орынбасары болып қызмет атқарады.

Мамандығы бойынша жалпы еңбек өтілі – 9 жыл 3 ай, мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі – 9 жыл 3 ай.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналастыруға әңгімелесу барысында үміткер 2017 жылғы 13 қаңтардағы № 1-04/3 бұйрықпен бекітілген, барлық қойылған сұрақтар бойынша конкурстық комиссия мүшелерінің бағалау парақтарына сәйкес 75 балл алды (2017 жылғы 7 ақпандағы № 3 (жеке-дара) хаттама).

D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастыру бойынша Басқарма конкурстық комиссиясы үміткердің ұсынылған құжаттарын талдамалап, бағалау парақтарының қорытындыларын ескере отырып, Рустам Базарбайұлы Рақымжановты ішкі конкурс жеңімпазы ретінде тану ұсынысына бірауыздан дауыс берді:

№ р/с	Бос әкімшілік мемлекеттік лауазым	Т.А.Ә.	Оң	Теріс
1	D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы	Рустам Базарбайұлы Рақымжанов	3	-

Бағалау парақтарының нәтижелері бойынша Басқарма D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастыру жөніндегі конкурстық комиссиясы

ШЕШТІ:


1. Басқарма басшысына ішкі конкурстың жеңімпазы Рустам Базарбайұлы Рақымжанов D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастыруға ұсынылсын.

Комиссия төрайымы:


Комиссия хатшысы:

Комиссия мүшелері:





Р. Омарова



А. Ақпанов



Ә. Әубәкіров



К. Балтабаева